

Құзiреттiлiк орталығының кезектi семинарының
өткiзiлуi туралы ақпарат

Еленовка ауылының ЖОББМ

27.03.2025 күнi Еленовка ауылының ЖОББМ де ауданның «Өсу нүктелерi» мектептерiнiң педагогтарының қатысуымен Құзiреттiлiк орталығының кезектi әдiстемелiк семинары өттi. Семинардың тақырыбы: «Шағын жинақталаған мектептегi оқытудың әдiстемесi». Тақырып аясында коучинг, видеосабак және шебер-сыныптар өткiзiлдi. Еленовка ауылының ЖОББМ директордың оқу-тәрбие iсi жөнiндегi орынбасары Жетписова Б.С. «Шағын жинақты мектепте педагогикалық үдерiстi ұйымдастыру» тақырыбында коучинг өткiздi. Коучингтiң мақсаты: Жалпы бiлiм беретiн ұйымдардың бiрi болып табылатын шағын жинақты мектептiң ерекшелiктерiн ескере отырып, педагогикалық үдерiстi ұйымдастыру әдiсiн қарастыру.

Одан әрi негiзгi әлеуеттiк мектептердiң бiрi, шағын жинақты Жылымды ауылының НОМ нiң бастауыш сынып мұғалiмi Байкенова Ж.С. 1-сыныптағы ана тiлi пәнi бойынша «Наурыз көже. Сөйлемдегi сөздердiң байланысы» тақырыбында өткiзген видеосабағын ұсынып, сабаққа өзiндiк сараптама жасады. Келесi кезекте Жылымды ауылының НОМ нiң информатика пән мұғалiмi Есжанова А.М. мен бастауыш сынып мұғалiмi Шоматова Г.М. «Шағын жинақталған мектептегi сабақта табысқа жетудiң тиiмдi әдiс-тәсiлдерi» тақырыбында шебер-сынып өткiздi. Семинар соңында әрiптестер көтерiлген мәселе аясында пiкiр алмасып, керi байланыс берiп, өздерiнiң жылы лебiздерiн бiлдiрдi.



